


Компьютер түрлері







1. Дербес компьютер (PC — Personal Computer) – бір адамның жалпы пайдалануы үшін арналған компьютер. Ең басында PC микрокомпьютер ретінде танылған, себебі ол бизнес компанияларда қолданатындай ірі көлемде емес, керісінше кіші көлемде қолданылған.

2. Үстел компьютері (Desktop) –
қолға алып жүруге арналмаған
белгілі бір орында қолдану үшін
орналастырылатын компьютер.
Үстел компьютерінің қуаты ұзаққа
жетеді және ішінде көп ақпарат
сақтау мүмкіндігіне ие.

3. Ноутбук (notebook, laptop) –

экран, пернетақта, процессор, қатты диск және т.б. қосымша жабдықтарды бір жерге жинаған орташа қатты кітаптан үлкенірек шағын компьютер.

4. Нетбук (netbook) — ноутбуктан да кішірек шағын компьютер. Бағасы да ноутбуктан арзан болады, Қазақстанда шамамен 30 000 теңгеден 70 000 теңгеге дейін әр түрлі нетбуктар табуға болады. Дегенмен нетбуктардың ішкі компоненттері ноутбуктарға қарағанда әлсіздеу болады.

Мейнфрейм (mainframe) – ірі көлемдегі бір бөлменің не бір қабаттың өлшеміндей орын алатын алып көп функционалды компьютер.

Суперкомпьютер

(**Supercomputer**) – жүз мыңдаған немесе миллиондаған доллар тұратын бір компьютерлік жүйені және көптеген өндірістік компьютерлер жинағын өз ішіне алатын компьютер түрі. Ең атақты суперкомпьютерлерді Cray компаниясы шығарады екен.